Бекітемін:
Қарой ЖББМ
директоры Н.Б.Туякова

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы:** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы
**Топ:** «Күншуақ»
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 06 – 10 қаңтар
2024-2025 оқу жылы
**1-апта**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 06.01.2025ж | Сейсенбі 07.01.2025ж | Сәрсенбі 08.01.2025ж | Бейсенбі 09.01.2025ж | Жұма 10.01.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Күй қосу,**күй күмбірі** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Күй қосу,**күй күмбірі** | Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Күй қосу,**күй күмбірі** | Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Күй қосу,**күй күмбірі** | Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Күй қосу,**күй күмбірі** |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | Жерге шеңбер сызылады, оның ішіне асықтар қойылады. Ойыншылар шеңбер сыртынан асықтарды атады, шеңберден шыққан асықтар ойыншының еншісіне түседі. Шеңберден шықпай қалған асықтар қайта орнына | Балаларға жануарлар мен құстардың қар үстіндегі суретін салуды ұсынады. Құстардың қардағы іздерін қарындашпен қоршап көрсет. Оларды құстардың жүріс-тұрысын, тамақты қалай жейтінін бақылауға | Бұл ойында асықтарды белгілі бір биіктікке қалап, алыстан атып түсіру қажет. Кім асықты көп құлатса, сол жеңеді. **Біртұтас тәрбие** | Үйдің мекен-жайы мен ата-аналардың телефон нөмірлерін үйрету **Қауіпсіздік ережелері** | Тіл жайлы тақпақ үйрету Тілім менің байлығым,ол өнерім айбыным.Ата бабам аманат,сақтаймын деп айтамын **Біртұтас тәрбие** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қойылады.<br>**Біртұтас тәрбие** | шақырады (жемді шоқып жейді).<br>Құстарға нан қоқымын беруді ұсынады.<br>**Экологиялық мәдениет** | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату<br>**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)** | Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)**<br>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату<br>**(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу | Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету. | Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. | Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел,айт). | «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: бұрылып, заттарды айналып жүру<br>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру;<br>2-3 метр қашықтыққа | **Музыка**<br>Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: бұрылып, заттарды айналып жүру;<br>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру,<br>Тұрған орнында қос аяқпен секіру, | **Қазақ тілі**<br>(Қазақ тілі мұғалімінің жоспары бойынша) | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: бұрылып, заттарды айналып жүру<br>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алға қарайжылжып секіру.<br>Қимылды ойын:<br>Қуыр-қуыр қуырмаш.<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау.<br>биік емес төбеден сырғанау. | ажырата білуге үйренеді, атайды | Қимылды ойын:<br>Поезд | | Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру.<br>Қимылды ойын:<br>Қояндар |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | Суықторғайды бақылау<br>Мақсаты:<br>— Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру;<br>— Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру.<br>Бақылау барысы<br>Көркемсөз А. Меңдібай<br>Қарағай мен шыршаның<br>Суықтан дені тоңып тұр.<br>Бұл не ғажап қарасаң,<br>Қайыңда алма өсіп тұр!<br>Жақын келіп қарасам,<br>Көзіме өзім сенбедім-<br>Алқызыл болып көрінген,<br>Әнші құсы орманның<br>Суық торғай сен бе едің?<br>Тәрбиеші жұмбақ жасырады:<br>Айналаны қар басса да,<br>Суықтан еш тоңбайды.<br>Құс екенін бұл қандай,<br>Қане, кім болжайды?<br>Кеудесі қызыл әсем-ақ, | Боранды күнді бақылау<br>Мақсаты: желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші жұмбақ жасырады:<br>Жерді тырнап,<br>бұтаны ырғап,<br>Шөпті сипап, ұшады зырлап,<br>Жанын қинап, ұлиды зарлап. (боран)<br><br>Көркем сөз «Ақ боран» Ә. Табылды<br>Ақ көрпесін жапты да, Ақ боран-ау, ақ боран,<br>Аяз кенет аптыға,<br>Алай-түлей соқ боран.<br>Айналаны үрледі,<br>Ақ қар ұшып үйрілсін,<br>Ақ бораны гуледі.<br>Ауламызға үйілсін.<br>Жас ұланмын шынықкан, | Бақылау «Қардағы құс іздері»<br>Мақсаты:қардағы құс іздерін тани білуге үйрету .<br>Бақылау барысы<br>Балаларға сұрақтар<br>♦ Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>♦ Қалай ойлайсыңдер, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br>♦ Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады)<br>Балаларға құстар ізі салынған парақтар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады.<br>Қар бетінен ұқсас із | Жеңіл көліктерді бақылау<br>Мақсаты: автомобильдер туралы білімдерін *бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.*<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға» Е.Елубаев<br>Бұзба көше тәртібін,<br>Ұрынасың апатқа.<br>Қызықты өтсін әр күнің,<br>Жақын болма шатаққа.<br>Көшеден өтер кезінде,<br>Абайлап қара жан-жаққа,<br>Келе жатқан көлікке,<br>Жол бер, өтсін, асықпа!<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: | Күн мен түн неге ауысады?<br>Мақсаты:Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру.<br><br>Бақылау барысы<br>Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады.<br><br>Балаларға сұрақтар.<br>♦Жұлдыздар түнде қайда кетеді?*(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ♦Суықторғайдың кеудесінің түсі қандай? (ашық қызыл)<br>♦Суықторғайлар жазда, көктемде, күзде қайда өмір сүреді? (қалың орман көлеңкесінде)<br>♦Суықторғайлар бізге қай уақытта ұшып келеді? (алғашқы аяз түскенде)<br>♦Суықторғайлардың балапандары қай уақытта көрінеді? (мамыр айында)<br>♦Суықторғайдың ысқырығы (дыбысы) ненің дыбысына ұқсайды? (флейта аспабының дыбысына-ұян, мұңды)<br>♦Қандай құстар қыстан қорықпайды? (суықторғай, сарышымшық, сарнауық торғай)<br>♦Суықторғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктер дәндерімен)<br>Зерттеу жұмысы<br>Құстар ізін қарау. Оларды қарға мен жануарлар (мысық, ит) іздерімен салыстыру. Қандай айырмашылығы бар? | Жасқанбаймын суықтан.<br>Қардан жасап аққала,<br>Сырғанаймын шаттана.<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>• Қалай ойлайсыңдар, боран дегеніміз не? (қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір-біріне араласуы)<br>• Мұқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр)<br>• Боран кезінде неліктен күртік қар пайда болады? (қатты желдің әсерінен араласып ұшқан қарлар, алдында кездескен кедергінің әсерінен бір жерге жиналады, сондықтан күртік қар пайда болады)<br>• Қалай ойлайсыңдар, боран болғаны жақсы ма, әлде жаман ба? (ағаш түптері жалаңаштанып қалуы, содан үсікке ұшырауы мүмкін, жиналған қарға малтығып, жүру | іздестіріледі..<br>♦ Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? (құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)<br>Зерттеу жұмысы<br>Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br>Еңбек<br>Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>Мақсаты:<br>Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;<br>Жұмысты жоспарлау.<br>Қимылды ойын<br>«Ізбе із».<br>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу..<br>Жаттығу ойындары<br>Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру..<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту.<br><br>Халық болжамы:<br>- Қар көп болса, нан мол болады.<br>- Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады. | ♦Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер?<br>♦Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? *(жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер)*<br>♦Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? *(ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды)*<br>♦Көліктердің қандай пайдасы бар? *(адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарады)*<br>♦Көліктердің адамға қандай кедергісі бар? *(таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түтін шығарады)*<br>♦Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? *(Жүк машиналары)*<br>♦ Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен?<br>♦ Жолдан өтерде не істеу керек, қандай | *жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)*<br>♦Күн неге батады? *(жер күнді айналады, соныңтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)*<br><br>Зерттеу жұмысы<br>Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады. Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу. Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа).<br><br>Еңбек<br>Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару.<br>*Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.*<br><br>Қимылды ойын<br>«Жердің күнді айналуы».<br>*Мақсаты: күн туралы білімдерін бекіту.* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Зерттеу жұмысы Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түптерін іздеп табу. | қарлы боран болады.<br>- Қыс аязды болса, жаз ыстық болады | керек? | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қай мезгілі? қыс<br>- Ал сендерге қыс ұнай ма?<br>- Қыс несімен ұнайды?<br>- Қыс әртүрлі болады, боран соғады, аяз болады.<br>- Осы қысқа біз қалай дайындаламыз?<br>- Балалар қысқа біз ғана емес жабайы жануарлар да дайындалады.<br>- Қандай жабайы жануарларды білесіңдер?<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Жұмбақтар**<br>ашулы, аш, сұр, ол...<br>анимациялық суреттер шығып отырады<br>кішкентай, ұзын, сұр немесе ақ, ол<br>қызыл, ку, ол<br>үлкен, ыңғайсыз, жалпақ аяқ , ол...<br>кішкентай, үлпекті, жаңғактарды жақсы көреді **Көркем әдебиет** | Балалар, мына сурет арқылы жұмбақ шешейікші.Ит сияқты пішініҰнатпайды ол кісіні-Дұрыс ,қасқырҚасқыр дегеніміз не?-Ол жыртқыш аңОл қайда жүреді?-Ол орманда тіршілік етедіОл немен коректенеді?-Ол етпен қоректенеді-Өте жақсы, балалалар.<br>**Қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту**<br>Ұсақ сұр қағаздарды қиып қасқырдың бейнесіне жабыстыру<br>**Жапсыру**<br>Жеті лақ пен қасқыр ертегісін тыңдату.<br>Қасқыр нешеі біреуЛақтар ше,көп.Салыстыру.<br>**Көркем әдебиет және математика негіздері** | Ұзын құлақты,жылдам аяқты,<br>Сәбізді жақсы көретін ол не?<br>Иллюстрациялық суреттерді көрсете отырып,балалардан қоянның қайда тіршілік ететіні,құлағы неге ұзын екені,қалай секіретіні,неге сұр қоян деп аталғаны жайлы сұрап,өзі жауаптарды толықтырып түсіндіру.<br>**Сөйлеуді дамыту,**<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Балаларға ұзын құлақ сұр қоянның суретін салғызу.<br>Қоянның дене мүшелерін:басын дөңгелек,денесін үлкен сопақша дөңгелек, аяқтарын кіші сопақша дөңгелектермен сызып салуға болатынын көрсете отырып түсіндіремін.Әдемі болу үшін сұр түсті қарындашпен немесе бояумен солдан оңға қарай бояуға | Түлкі жабайы аң.(слайдтан көрсету арқылы түсіндіру.)<br>Ол – өзінен кіші аң – құстармен коректенеді. Өте қу, айлакер аң. Ол жүрген ізін құйрығымен сүртіп кетіп отырады. Сонымен қоса өте ақылды аң. Ол кез келген қиыншылықтың бәрінен аман - есен құтыла алады.<br>**Қоршаған ортамен тансыу, сөйлеуді дамыту.**<br>- орыс халық ертегісі «Айлакер түлкі»<br>Ертегі жануарлар туралы. Жануарлар орманда тұрады, ормнанда тіршілік етеді. Сондықтан оларды аңдар дейміз. (Ертегіні мазмұндап беру)<br>Сұрақ жауап:<br>Ертегі сендерге | Аю жайлы видеоролик көрсету.**Қоршаған ортамен танысу**<br>Аюдың үлкенімен кішісін салыстыру<br>Түстеріне қарай ажырат ойыны<br> <br>Үлкен кіші ойыны<br>**Математика негіздері**.<br>Аю, аю тұршы<br>Беті қолын жушы<br>Айнаға қарашы<br>Шашыңды тарашы.<br>**Көркем әдебиет, Қазақ тілі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | болатынын көрсетемін. Бояғанда біркелкі сызықтармен,қарындашты қағаздан үзбей сүйкей жағуға жаттықтыру. **Сурет салу** | ұнады ма? **Көркем әдебиет** Түлкінің суретін бояу. **Сурет салу** Түлкінің түссіз бейнесіне горох себу арқылы түсін шығару. **Жапсыру** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға үйрету | сан есімдерді ретімен атайды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстырып айтқызу | оқиғаларды ойдан құрастырып, таныс шығармалардан үзінділерді сахналауға үйрету | тілде сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолданып үйрету | таныс шығармаларды мазмұндау кезінде мәтін мазмұнына, кейіпкерлерге, олардың қылықтарына өзінің қатынасын эмоционалды түрде білдіріп үйрету |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналарға кеңес «Бүгін балабақшада нендей қызықтар болды».Өз баласын әңгімеге тартуы | Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу. | Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу. | Қимылды ойын «Жасырынбақ» Балаларды шапшаң болуға үйретеді. | Балалардың еркін ойындары. Өз беттерінше ойындар ұйымдастыра білу |

Бекітемін:
Қарой ЖББМ
директоры Н.Б.Туякова

13 .01. 2025ж

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** Қарой ЖББМ «Күншуақ» шағын орталығы
**Топ:** «Күншуақ»
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 13 – 17 қаңтар
2024-2025 оқу жылы
**2-апта**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі<br>13.01.2025ж** | **Сейсенбі<br>14.01.2025ж** | **Сәрсенбі<br>15.01.2025ж** | **Бейсенбі<br>16.01.2025ж** | **Жұма<br>17.01.2025ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.<br>Күй қосу, **күй күмбірі** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Күй қосу,**күй күмбірі** | Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Күй қосу, **күй күмбірі** | Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру.<br>Күй қосу, **күй күмбірі** | Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Күй қосу, **күй күмбірі** |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | Үстел үсті ойыны: «Тілдік санамақтар»<br>Балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>**Қазақ тілі**<br>**Біртұтас тәрбие** | «Теңге алу», «Банкомат», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп | Тәжірбие<br>1. Мұзды тегіс бетке қойып, оның сырғанайтынын көрсетіңіз.<br>2. “Неге мұз сырғанайды?” деп сұраңыз.<br>Түсіндіру: Мұз беті тайғақ болғандықтан сырғанайды, бұл қыс | Саусақ ойыны «Жаттығамыз»<br>Қуыр,қуыр, қуырмаш<br>Балапанға бидай шаш<br>Қуыр,қуыр,қуырмаш<br>Әжең келсе есік аш.<br>**Көркем әдебиет** | «Тазалық –денсаулық кепілі»<br>Таза бала мұнтаздай<br>Сүйсінеді қараған.<br>Ұқыпты деп бұл қандай<br>Жақсы көрер бар адам.<br>**Сөйлеуді дамыту** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту **Біртұтас тәрбие** | мезгілінің қызығы. **Экологиялық тәрбие** | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)** | Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату | **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату | Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар сөздерімен белгілеу | Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. | Кеңістікте бағдарлау Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды пысықтау: алдында-артында | Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды бекіту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: заттарды айналып жүру; белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; туннельарқылы еңбектеу; бір-бірінің жанына сапқа тұру; Қимылды ойын: Құстардың ұшып келуі | **Музыка** Ән айту: ре (ми) — ля (си) диапазонында барлығымен бір қарқында әнді таза айтуға, сөздерді анық айтуға, әннің сипатын жеткізуге (көңілді, созып, ойнақы айту) қалыптасады. | **Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: жартылай отырып, бұрылып жүру; арқан бойымен жүру; Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу; бірінің артынан бірі сапқа тұру Қимылды ойын: | **Қазақ тілі** (Қазақ тілі мұғалімінің жоспары бойынша) | **Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: жартылай отырып, бұрылып заттарды айналып жүру; Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу; туннельарқылы еңбектеу; сапқа тұру. Қимылды ойын: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; | | «Допты дәлдеп лақтыр» | | Сақина жасыру |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | Ағаштарды бақылау<br>Мақсаты: *ағаштар туралы білімдері кеңейту,оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.*<br>Бақылау барысы<br>Аулаға шығып, жауған кардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, карын түсіру.<br>Ағаштарға камқорлықпен карауға көңіл бөлу.<br>Әңгімелесу:<br>- Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбеңе қар құлауы мүмкін)<br>- Ағаштар неге қыста өспейді?<br>- Ағаш тамырлары қалай қыстайды?<br>- Ағаштарға қыс мезгілі керек пе?<br>- Ағаштар қыста неге тоңбайды? (қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш, қар жамылады)<br>Аязды күні аяқ астындағы кардың | Қарғаларды бақылау<br>Мақсаты:<br>- қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру.<br>- қарғалардың тіршілігін бақылау<br>- құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбак жасырады.<br>Қара түсті қарқылдақ,<br>Ұшып, қонып жалпылдап.<br>Қоқыстарды шоқиды,<br>Жем іздейді там-тұмдап. (қарға)<br><br>*Қарға қыстап қалатын құс. Ол өзінің азығын қоқыстардан теріп жейді. Халық қарғаның іс-әрекетіне қарап ауа-райын болжаған. Егер қарға айналып ұшса аяз болады, қарға қарқылдаса қар* | Қар ұшқындарын бақылау<br>Мақсаты:<br>— Қар ұшқындарының әртүрлі формада болатынына назар аудару;<br>— Салыстыра білуге үйрету, танымдық белсенділіктерін дамыту..<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Суретші қыс» К. Нүсіпов<br>Қонақтайды бақтарға,<br>Ақ көбелек, ақ мамық.<br>Аунап таза ақ қарға,<br>Балалар жүр мақтанып.<br>Тазарып бар кір, шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады.<br>Терезеге қыраудан,<br>Сурет сала бастады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>♦Жауған қар қандай?<br>♦Ұшқан қарды алақандарыңа кондырыңдар, кар ұшқындары қандай?<br>♦Жақсылап карандаршы, қардың әр ұшқыны әртүрлі өрнекте екенін көреміз. | Бақылау: Терезеден аяз суретін бақылау. Байқағыштық сезімін дамыту.<br>Еңбек: Ойын құралдарын тазалау. Өз заттарына ұқыпты болып, құралдарын таза ұстауға дағдыландыру.<br>Жеке жұмыс:<br>Тақпақтар жаттату.<br>Өкпелетсе мамасы,<br>Өкпелетсе мамасы<br>Өкпелетсе ағасы<br>«Айтам» дейді, әжеме,<br>Әжесінің баласы.<br>Бір – біріне өкпелемей, бірге ойнау керектігін түсіндіру.<br>Қимылды ойын: «Кім жүйрік?»<br>Мақсаты: жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету.<br>Өзіндік іс – әрекет: бір – бірімен келісіп, тату ойнауға баулу. | Бақылау: Қарғаның тамақтануын бақылау. Қарғаның тамақтануын көрсету, қыста құстарға тамақты жерге бермей, арнайы жемсауытқа салуға үйрету.<br>Еңбек: Кішкентайларға көмектесу. Кіші топтың балаларына серуендеуге көмектесу.<br>Жеке жұмыс: Мақал – мәтелдер айту:<br>Оқу – білім бұлағы,<br>Білім – өмір шырағы.<br>Қимылды ойын: «Ұшты – ұшты»<br>Мақсаты: Шапшаңдыққа, тыңдай білуге тәрбиелеу.<br>Өзіндік іс – әрекет: киім шкафтарын жинастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сықыры мен ағаштардың басынан қар түсуін бақылап, тыңдау.<br>Көркем сөз «Аядым» М. Әлімбаев<br>Жауған күні қар алғаш,<br>Ағаштарды аядым.<br>«Тоңбасын»- деп бұл ағаш,<br>Орап қойдым аяғын.<br>Балаларға сұрақтар.<br>♦ Ағаштардың қандай пайдасы бар?<br>♦ Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? (күзгі ағаштар)<br>Зеттеу жұмысы<br>Жазда бұта өскен жердегі қарды тереңдетіп қазу. Қар астынан жерге жабысқан, жасыл жапырақтары бар өсімдік шығуы мүмкін. Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді. | *жауады, егер қарға таңертең ағаштың басында отырса бұрқасын болады деп санаған және ол рас болған.*<br><br>Көркем сөз «Қарға» С.Сейфуллин<br>Қарға, қарға, қарғалар, Көзден жасы сорғалар.<br>Қар үстінде жорғалар. Қар үстінде жем көрсе, Боран соқса қор болар, Қапелімде қолға алар.<br>Бұтаға келіп қорғалар. Екі шоқып, бір қарар, Қысып кетсе сары аяз, Деп «жолымды» оңғарар. | Байқадыңдар ма?.<br>Д/О: «Ұқсас өрнекті тап». Алақанға қар ұшқындарын қондырып, олардың бір-біріне ұқсастарын табу<br>Зерттеу жұмысы<br>Алақандағы қар неге ериді?<br>Қардың қай жерде, алақанда ма, әлде қолқап сыртында ма тез еритінін бақылау. Неге? Қар ерігенде не пайда болады?<br>Еңбек: Қардан қамал тұрғызу<br>Мақсаты:<br>- Бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу;<br>- Бастаған істі аяқтауға үйрету. | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар),** | ші-ші-ші Ағам менің – әнші<br>Әпкем менің – биші<br>Көкем менің – күйші<br>Тіл ұстарту жаттығуын | Топқа медбике апай қонаққа келеді. Өзінің мамандығында пайдаланатын | Қалпағы ақ қарасаң,<br>Дәрігер емес ,бірақ та,<br>Дәм мәзірін қаласаң,<br>Алға ұсынып<br>тұрады ол. | Терезеге қарап көліктерді бақылату. Осы көліктерді кім жүргізеді. Автобустарды ше? | Ілініп тұрған суреттерге қарап қандай мамандық иесі екенін танып атау. Үстел үстінде тұрған құрал саймандарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | жасату, әнші биші күйшіні суреттер арқылы танысытыру. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Әнші балапан әнін теледидарға қарап айту. **(музыка)** | құралдарды көрсетеді. Олардан қорқудың қажеті жоқ екен айтады. Балаларға ойыншық құралдарды беріп дәрігер болып ойнауға ұсынады. Қуыршақтарды тыңдап, ыстығын өлшеп дәрі берген болып ойнау. тазалық сақтау ауырмаудың негізгі жолы екенін айтып, тазалық құралдарымен таныстырады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп дәрігердің құралдарының суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** | (Аспаз) Топқа аспаз апай қонаққа келеді. Балаларға тәтті күлше жасап бергісі келетінін айтады. Ол үшін пішіндерді бастырып қамырдан күлшелер жасау керектігін түсіндіреді. Балалар аспазшыға әнші балапан әнін орындап, менің анам дәрігер тақпағын айтып береді. Бірге кім жылдам ойынын ойнайды. Осы уақытта күлшелер пісіп жылы күйінде топқа келеді. Балалар аспазға алғысын айтып шығарып салады **(мүсіндеу, сөйлеуді дамыту, музыка)** | Жүргізуші деген кім? сендердің ата аналарың , жақындарың көлік жүргізе ала ма? **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>Жүргізушінің құралы көлік екенін түсіндіру, дөңгелектері салынбаған көліктерді дөңгелек салып аяқтап, бояу. Ермексаздан машинаның рөлін жасау. **(сурет салу, мүсіндеу).** | сәйкестіріп қасына қою. Ол мамандық иелері туралы не білгенін, бірлескен қандай іс әрекет жасағандарын естеріне түсіру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** |
